

depending on age. The relevance of this work is acknowledged by a simple and accessible preoperative preparation, in the surgical treatments of pyometers in cats.

Keywords: pyometra, cats, treatment, suturing, hormones, preoperative preparation.

ӘОЖ-619:614.48.

Джунисбаева С.М., Ромашев К.М., Токаева М.О., Кудайбергенова Ж., Аккозова А.С.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ДСпрВБиДИ ПРЕПАРАТЫНЫҢ БАКТЕРИЦИДТІК БЕЛСЕНДІЛІГІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Мақалада ДСпрВБиДИ препараты мен каустикалық соданының тиімділігі салыстырмалы түрде зерттелді. Дезинфекциялық шаралар жүргізу нәтижесінде, еденді дезинфекциялауда 3%- каустикалық соданың жоғарғы көрсеткіші 90,1%-ды құраса, ал 3%- ДСпрВБиДИ препараты 94%-ды құрады. Қорыта келгенде, бактерицидтік белсенділігі жағынан 3%-ДСпрВБиДИ отандық препаратының бактерицидтік белсенділігі жоғары болды.

Кілт сөздер: ДСпрВБиДИ, дезинфекция, ауру, микроб, бактерия, вирус глиоксал, глутаральдегид.

Кіріспе

Дезинфекция деп сыртқы ортадағы жұқпалы аурулардың қоздырушылары – зардапты микробтарды жою шараларын айтады. Бұл зардапты микробтарға бактериялар, вирустар, саңырауқұлақтар, микоплазмалар және риккетсиялар жатады [1].

Халықаралық ережелерге сәйкес жаңа ветеринариялық препараттар мен дезинфекцияның рационалды технологиялары тиімділігі жоғары, экологиялық қауіпсіз, препараттардың сапасы талап етілетін нормаға сәйкес және барлық компоненттері әр уақытта тұрақты, ал физикалық - химиялық және биокинетикалық көрсеткіштері қолданылған жағдайда өзгеріссіз сақталуы тиіс [2].

Кемшіліктері жоқ, экономикалық шығын келтірмейтін дезинфектант жасап шығару мемлекеттік маңызы бар өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Дезинфекциялық заттарға (беткейлік белсенді заттар) қойылатын негізгі талаптар жоғары зарарсыздандыру тиімділігі, өңдеу өнімділігі, құнының төмендегі және адам мен жануарларға уыттылығының болмауы [3,4,5].

Осыған байланысты біздің зерттеуіміздің мақсаты жаңа отандық дезинфекциялық "ДСпрВБиДИ" препараттың бактерицидтік тиімділігін каустикалық содамен салыстырмалы түрде анықтау болып табылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Негізгі зертханалық зерттеу жұмыстары Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ветеринария факультетінің «Ветсансараптау және гигиена» кафедрасының ғылыми зерттеу жұмыстар зертханасында жүргізілді. Өндірістік жұмыстар ЖК «Мир» шаруа қожалығында өтті.

Зерттелген жаңа дезинфекциялық препарат: ДСпрВБиДИ (дезинфицирующие средство против возбудителей бактериальной и дерматофитозный), Қазақстанда дайындалған.

Препараттың құрамы, % : формалин – 0,005-0,20, глутарь альдегиді – 0,05-0,10, 1,2 – этилен – бис – (N-диметил – карбдецилокси-метил) – аммония дихлорид – 0,01 – 0,05, Этилендиаминтетраацетон – 0,001 – 0,005, қалғаны – су. Бұл препарат глутар альдегид негізінде дайындалғандықтан оның бактерицидтік белсенділігі жоғары.

Каустикалық сода (атауы Caustic soda) кеңінен таралған сілті, коррозиялық қасиеті өте жоғары. Металлдарды ғана ыдыратып қоймай, сонымен қатар шыны, резеңке және пластмасса құрылымын да бұлдіреді, ал концентрациясы 0,5% жоғары каустикалық сода ерітіндісі тері, кілегей қабықтарына күшті тітіркендіру әсерін тигізеді, сондықтан да ол препаратты қолданған кезде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажет. Тығыздығы- 2,02 г/см³, қышқылдармен, оксидтермен жақсы әсерлеседі.

Санитарлық көрсеткіштерін бақылау кезінде, біз алдымен, қораларды мұқият механикалық тазалаудан өткізіп, микробпен ластану дәрежесін анықтау жұмыстарын жүргіздік [6]. Қораны дезинфекциялау үшін ылғалды дезинфекция түрін қолдандық. Дезинфекция жүргізу үшін ДСпрВБиДИ және каустикалық сода препараттарының 3%-ы жұмыс ертінділері қолданылды.

Дезинфекция сапасын анықтау үшін алынған жұғындыларды сұйылту және ЕПА себінді жасау арқылы 1 мл сынамалардағы колония түзуші бактериялар саны анықталды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Дезинфекция жүргізгенге дейін және аталған препараттармен дезинфекция жүргізгеннен кейін мал қораларының әр түрлі нысандарынан (ауа, еден, қабырға, астау, қондырғы) жұғындылар алынып, зертхана жағдайында тексерілді. Барлығы 66 сынама зерттелді. Зерттеу жүргізу барысында зерттелетін дезинфекцияға дейін және дезинфекциядан кейін сынамалардың 1 мл колония түзуші бактериялар саны анықталды.

Зерттеу нәтижесі төмендегі 1-кестеде келтірілген.

1 - кесте. 3%- ДСпрВБиДИ препаратымен жүргізілу нәтижесі, n=3

№	Сынама алынған жерлер	Дезинфекцияға дейін, КТБ, мың, мл	Дезинфекциядан кейін, КТБ, мың, мл	Дезинфекция тиімділігі,%
1	Ауа	96050±0,01	4599±0,3	95,2±0,2
2	Еден	48250±0,02	2790±0,1	94±0,2
3	Қабырға	32150±0,01	1451±0,03	95,5±0,3
4	Астау	17440±0,3	379±0,02	97,8±0,1
5	Қондырғы	21250±0,02	387±0,4	98,2±0,2

Кестеден алынған мәліметтерді салыстыра отырып саралағанда, дезинфекцияның тиімділігі жағынан "ДСпрВБиДИ" препараты жақсы көрсеткіштерді көрсетті. Дезинфекция тиімділігінің жоғарғы көрсеткіші бойынша айтар болсақ, қондырғыларды 3%- ДСпрВБиДИ препаратымен өңдегеннен кейінгі көрсеткіш 98,2% көрсетті. яғни дезинфекцияға дейін 1 мл жұғындыларда 21250 мың КТБ анықталса, аталған препаратпен жуып тазалағаннан кейін бұл көрсеткіш 387 мың КТБ дейін азайған.

ДСпрВБиДИ препаратының дезинфекциялық тиімділігін салыстырмалы түрде бағалау үшін 3%-ы каустикалық содамен аталған нысандарды жуып тазалау жұмыстарын жүргіздік. Зерттеу нәтижесі 2 кестеде келтірілген.

2-кесте. 3%-ы каустикалық содамен жүргізілген тазалау жұмыстарының нәтижесі, n=3

№	Сынама алынған жерлер	Дезинфекцияға дейін, КТБ, мың, мл	Дезинфекциядан кейін, КТБ, мың, мл	Дезинфекция тиімділігі, %
1	Ауа	91200±0,01	9033±0,3	92±0,4
2	Еден	49770±0,02	3991±0,03	90,1±0,5
3	Қабырға	31800±0,01	2099±0,02	93,4±0,4
4	Астау	15430±0,03	620±0,04	96±0,3
5	Қондырғы	21700±0,04	999±0,4	95,4±0,3

Ал 3%-ы каустикалық сода препаратының көрсеткіші 95,4% құрады. Сонымен қатар, ең төменгі көрсеткіштер еденді 3%-ДСпрВБиДИ препаратымен санитариялық өңдеуден кейін дезинфекцияның тиімділігі 94 % болса, 3%-ы каустикалық сода препаратының нәтижесі 90,1% болды.

Жоғарыдағы барлық көрсеткіштерді салыстыра отырып, бактерицидтік белсенділігі жағынан отандық 3%-ДСпрВБиДИ препаратын жатқызуға болады деген қорытындыға келдік.

Қорытынды

Шаруашылықта дезинфекциялық шаралар жүргізу нәтижесінде, еденді дезинфекциялауда каустикалық соданың жоғарғы көрсеткіші 90,1%-ды, ал ДСпрВБиДИ препараты 94%-ды құрады. Осы көрсеткіштерді салыстыра отырып, бактерицидтік белсенділігі жағынан отандық 3%-ДСпрВБиДИ препаратын шаруашылықтарға ұсынамыз.

Әдебиеттер

1. Досанов К.Ш., Еспембетов Б.А., Искаков М.Ш., Ромашев К.М. Эффективность применения альдегидосодержащих препаратов для санации объектов ветеринарного надзора. // Матер. Между.науч.-пр.конф., посв. 60-летию ТаджНИВИ. – Душанбе. – 2003.С 170-173
2. Ромашев К.М. Дезинфекция – основа профилактики инфекционных заболеваний животных. Алматы, 2005 г, С.206-208.
3. Досанов К.Ш., Ромашев К.М. и др. Методические указания по изучению механизма действия антимикробных и дезинфицирующих средств на микроорганизмы: Утв. НТС НАЦАИ 11.06.2002. – Алматы. -2002. – 31с.
4. Ромашев К.М. Ветеринарно-санитарные мероприятия в хозяйствующих субъектах. Монография, Алматы -2013, 240с.
5. Мырзабеков Ж., Ибрагимов П. Ветеринариялық гигиена. Алматы 2005 ж.-325 с.
6. Ветеринарные правила (ветеринарно-санитарные) правила. Астана 2015 г.

Джунисбаева С.М., Ромашев К.М., Токаева М.О., Кудайбергенова Ж., Аккозова А.С.

ОПРЕДЕЛЕНИЕ БАКТЕРИЦИДНОЙ АКТИВНОСТИ ПРЕПАРАТА ДСПРВБиДИ В СРАВНИТЕЛЬНОМ АСПЕКТЕ

Аннотация

В статье даны результаты сравнительных исследований по определению дезинфицирующей эффективности препаратов ДСпрВБиДИ и каустической соды.

Препарат ДСпрВБиДИ приготовлены на основе глutarальдегида имеет более высокую бактерицидную эффективность.

По результатам сравнительных исследований, установлено, что дезинфицирующая эффективность исследуемого препарата выше на 3,9%, чем при использовании 3% каустической соды.

Ключевые слова: Дезинфекция, болезнь, ДСпрВБиДИ, микроб, бактерия, вирус глиоксаль, глutarальдегид.

Junisbaeva S., Romashev K., Tokaeva M., Kudaibergenova Zh., Akkozova A.

DETERMINATION OF THE BACTERICIDAL ACTIVITY OF THE DSDPVBIDI PREPARATION

Annotattion

The article gives the results of the effectiveness of the preparations of DSDPVBidi and caustic soda in a comparative aspect. The drug DSDPVBidi prepared on the basis of glutaraldehyde has a higher bactericidal effectiveness.

Keywords: disinfection, disease, DSDPVBidi, microbe, bacterium, glyoxal virus, glutaraldehyde.

ӘОЖ 619:616-036.22

Есімсейт Д.Т., Омарбекова У.Ж., Мусоев А.М.,

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС АЙМАҒЫНДА БЛЮТАНГ ЖӘНЕ ШМАЛЛЕНБЕРГ БОЙЫНША ІНДЕТТІК ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның батыс аймағындағы Блютанг және Шмалленберг бойынша індеттік жағдайын талдау зерттеулердің нәтижелері берілген.

Кілт сөздер: індеттік жағдай, Блютанг, Шмалленберг, жануарлардың жұқпалы аурулары, серологиялық зерттеулер, вирусологиялық зерттеулер.

Кіріспе

Жұқпалы аурулардың табиғи ошақтарын зерттеу, олардың белсендену себептерін анықтау, қоздырушының түрлік құрамын және берілу жолдарын эпизоотиялық ахуалын ғылыми болжамдаудың негізінде жалпы және арнайы іс-шараларында зерттеудің маңызы зор болып табылады.

Қазіргі уақытта, Қазақстан мемлекетінің экономикалық сауда ұйымына кіруіне байланысты жақын және еуропалық мемлекеттермен қарым-қатынасы арқасында жаңадан шыққан аурулардың елімізге кіру мүмкіндіктері зор, атап айтқанда блютанг және Шмалленберг аурулары.

Блютанг немесе инфекциялы катаральді қызба немесе көк тіл-вирусты зооантропонозды табиғи-ошақты, трансмиссивті ауру ас қазан жүйесі мен дем алу жүйелерін қабындырып кейбір жерлердің кілегей қабаттарын өлі етке айландырады, пододерматитке, бұлшық еттерді дегенеративті өзгерістерге ұшыратады. Қоздырғышы рибонуклеинқышқылы (РНК) вирус, көлемі 100 нм аралығында, сыртқы ортада төзімді.